

№ 1174, "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстар сметасын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 24 мамырдағы № 248 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 2239. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 242 бұйрығымен

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2006 жылғы 7 шілдедегі № 242 бұйрығынан
үзінді*

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) бір апта мерзімде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі Ә.А. Смайыловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Министр

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2006 жылғы 7 шілдедегі*

№ 242 бұйрығына қосымша

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі*

3. "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстарының сметаларын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 24 мамырдағы № 248 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003

жылғы 19 наурыздағы N 117 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2239 тіркелген);

...

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстар сметасын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 248 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда N 1174 тіркелді, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 123 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың шығыстар сметасын жасау жөніндегі нұсқаулықта және мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар шығыстар сметасының нысанында:

"уәкілетті орган, уәкілетті органға, уәкілетті органның" деген сөздер "мемлекеттік басқару органы, мемлекеттік басқару органына, мемлекеттік басқару органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр